

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Мен

кездес+е+мін
 пісір+ _____ + _____
 үтікте+ _____ + _____
 сатып ал+ _____ + _____
 балық аула+ _____ + _____
 кел+ _____ + _____
 сөйлес+ _____ + _____
 тұр+ _____ + _____
 іш+ _____ + _____
 жаз+ _____ + _____
 ұйықта+ _____ + _____



Келер шақ

Етістік+(-а, -е, -й)+жіктік жалғау
 Мен хабарлас+а+мын
 Мен сөйлес+е+мін
 Мен қайтала+й+мын

Мен нан сатып аламын.

Сен нан сатып аласың.

Сіз нан сатып аласыз.

Ол нан сатып алады.



2. Сәйкестендіріңіз.

Мен

жұмысқа
 киім
 азық-түлік
 хат
 досыммен
 телефонмен
 тамақ
 қоқыс
 ыдыс
 таңғы ас
 ерте

шығарамын
 пісіремін
 тұрамын
 кездесемін
 ішемін
 сатып аламын
 жазамын
 барамын
 жуамын
 сөйлесемін
 аламын

Жаттап алыңыз!

дүйсенбі+де
 сейсенбі+де
 сәрсенбі+де
 бейсенбі+де
 жұма+да
 сенбі+де
 жексенбі+де

54



3. Сөйлемді аяқтаңыз.

Дүйсенбіде бассейнге барамын.

Сейсенбіде _____.

Сәрсенбіде _____.

Бейсенбіде _____.

Жұмада _____.

Сенбіде _____.

Жексенбіде _____.



4. Қажетті жалғауларды жазыңыз.

-ға, -ге

-қа, -ке

Ертең кино+**ға** барамын.

Ертең таңертең 8-де жұмыс _____ шығамын.

Ертең түсте асхана _____ барамын.

Бүгін түстен кейін кездесу _____ барамын.

Таңертең дәрігер _____ барамын.

Кешке қонақ _____ барамын.

Сәрсенбіде іссапар _____ барамыз.

Балық аулау _____ бардық.



5. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Ертең іссапарға бар+а+сың ба?

Сен тамақ іш _____ ?

Сен ертең жұмысқа кел _____ + _____ ?

Басшымен қашан сөйлес _____ + _____ ?

Азамат, балық аулауға қашан бар _____ ?

Сен сыйлық сыйла _____ + _____ ?

Анар, қашан тамақ пісір _____ + _____ ?

Қандай шай іш _____ + _____ ?

Сен қандай көйлек сатып ал _____ + _____ ?



6. Үлгінің көмегімен сәйкестендіріңіз.

Сен қашан

тамақ	іш+е+сің?
нан	пісір_____?
таңғы ас	үтікте_____?
киім	сатып ал_____?
балық	жаз_____?
үйге	бар_____?
хабарлама	аула_____?
кездесуге	кел_____?



Келер шақ

Етістік+(-а,-е,-й)+

жіктік жалғау

Сен хабарлас+а+сың

Сен сөйлес+е+сің

Сен қайтала+й+сың



7. Тыңдаңыз, қажетті жалғауды жазыңыз.

Сен қашан сөйлес+__+__?

Сен қашан кел+__+__?

Сіз шай іш+__+__?

Сен сыйлық сыйла+__+__?

Сен қандай көйлек сатып ал+__+__?

Сен ертең жұмысқа кел+__+__?

Сен қашан тамақ іш+__+__?

Сіз ертең досыңызбен кездес+__+__?

Сен таңертең хат жаз+__+__?

Сіз таңертең хабарлас+__+__?

Сіз демалысқа шығ+__+__?

Сіз жұмысқа бар+__+__?



8. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

Әкем мемлекеттік қызметте _____.

Анам тамақ _____.

Қарындасым ыдыс _____.

Інім қоқыс _____.

Ол әріптесімен _____ ме?

Ағам ертең іссапарға _____.

Әпкем Астанаға _____.

Жеңгем киім _____.

Кешке туыстар қонаққа _____.

Әпкем бүгін кір _____.

Әкем бүгін жұмысқа _____.



8. Қажетті қосымшаларды жазыңыз.

шығ	+а	+сыз	ба?/бе?
отыр			
тұр			
сөйлес			
үтікте			
қайтала			
тыңда			
ыдыс жу			
іш			
сатып ал			

шық	+ты	+ңыз
отыр		
тұр		
сөйлес		
үтікте		
қайтала		
тыңда		
ыдыс жу		
іш		
сатып ал		



10. Кестені толтырыңыз.

Етістіктер	Мен	Сен	Сіз	Ол
үтікте х	үтіктеймін	үтіктейсің	үтіктейсіз	үтіктейді
пісіру				
ішу				
сөйлесу				
кездесу				
ақылдасу				
шығару				
бару				